

Екінші деңгейдегі банктерге инспекция (тексеру) жүргізуге және оның нәтижелерін ресімдеуге қойылатын негізгі талаптар туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 25 шілдегі N 289 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 12 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 368. Қаулының және Ереженің күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 114 қаулысымен. ~V011594

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Z952444_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес жасалған, екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі банктер) қызметін инспекциялауға (тексеруге) байланысты негізгі шарттар мен ретін белгілейді.

I. Жалпы ережелер

1. Банктерді инспекциялау (тексеру) оның нақты қаржылық және мекемелік жағдайы туралы мәліметтерді анықтау мақсатында толық немесе жекелеген мәселелер бойынша банк қызметіне талдау жасау жолымен, сондай-ақ банктің басшылары немесе жекелеген қызметкерлері қызметінің (шешімдерінің) қолданылып жүрген заңдарға сәйкестігін анықтау жолымен жүргізіледі.

2. Банктерді инспекциялауды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (бұдан әрі Ұлттық банк) дербес немесе басқа ұйымдардың мамандарын тарта отырып жүргізеді.

3. Ұлттық банк банктерге жан-жақты (екінші деңгейдегі банктерді тексерудің бекітілген жоспарына сәйкес), сондай-ақ ағымдағы (жекелеген мәселелер бойынша жүргізілетін) тексеру жүргізуі мүмкін.

4. Банкті тексеру (инспекциялау) Ұлттық банктің тапсырмасында көрсетілген мәселелер бойынша жүргізіледі.

Ұлттық банк банктің қызметіне алдағы жүргізілетін жоспарлы тексеру туралы алдын ала хабарлауға, қажетті құжаттардың тізбесін талап етуге құқылы, банк оны инспекция жүргізуші адамдарға тексеру басталатын күні ұсынуға міндетті. Банк қызметін инспекциялауды алдын ала хабарлаусыз-ақ (кенеттен тексеру) жүргізуге де болады.

II. Инспекциялауды ұйымдастыру және оны жүргізу

үшін жағдай жасау

5. Банкті тексеру жөніндегі комиссияның басшысы жұмыс жоспарын белгілейді, қажет болған жағдайда оның мүшелері арасында нақты міндеттерді бөліп береді.

6. Комиссия инспекция жүргізу жөніндегі жұмысын дербес ұйымдастырады және банктен тексеру үшін барлық қажетті құжаттарды алуға құқылы, ал олардың көшірмелерін - тексеру актісіне тіркеу үшін алады. Тараптар құжаттарды қабылдау - өткізуді олардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында банктерде тиісті ресімдеу жолымен жүргізуге тиіс.

7. Банк талап етілетін құжаттарды (мәліметтерді) дайындау үшін жауапты мамандарын белгілейді және оларды инспекциялайтын адамдарға уақытылы беріп отыруды қамтамасыз етеді.

Комиссияға тексеру жүргізілетін кезеңге банк өз мекемесінің ішінен жеке орын бөлуге, жұмыс істеуге бөлінген орынға еркін кіруді, қажет болған жағдайда келісім бойынша демалыс күндері де кіруді қамтамасыз етуге міндетті.

8. Банк тексеру жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде инспекторларға (комиссияға) көмек көрсетуге міндетті, оған кез келген банк қызметкерінен сұрау мүмкіндігімен бірге, тексерушілерге барлық құжаттарды (ақпаратты) еркін пайдалануға мүмкіндік жасауға міндетті.

Банктің басшылары жүргізілетін тексеруге қатысты, олардың қызметтік міндеттері немесе банк қызметі мәселелері жөнінде түсініктеме (жазбаша түсініктер) беруге міндетті.

9. Банкті тексеру жөніндегі комиссия мүшелері инспекция жүргізу кезінде банк құжаттарының сақталуы мен алынған ақпараттардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті, банктің, оның клиенттері мен депозиторларының құқықтарына немесе заңды мүдделеріне тікелей яки жанама түрде қысым жасайтын іс-әрекеттерге бармауға тиіс.

10. Тексеру аяқталғаннан кейін комиссияның әр мүшесі - банк қызметінің жекелеген учаскесін тексеруге жауап беретін адам жұмыс есебін жасайды, оны комиссия басшысы тексереді де сол учаскеге жауап беретін лауазымды адамға (бөлімшенің басшысына) және тексерілетін банк Басқармасы Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына қолын қойғызып, танысуға береді.

11. Банк қызметкерлері келіспеген жағдайда жұмыс есебіне қол қойып, оған өздерінің жазбаша түрде жазылған қарсылығын қоса тіркейді.

12. Тексеру аяқталған соң екі апта мерзім ішінде комиссия басшысы тексеру нәтижелері (банктегі істің жағдайы) туралы қорытынды есеп жасап, оны қол қою үшін банкке жібереді.

13. Банк (Басқарманың Төрағасы мен бас бухгалтерінің атынан) тексерудің

нәтижелері бойынша қорытынды есепке екі апта мерзім ішінде қол қоюға міндетті, ал онымен келіспеген жағдайда жазбаша түрде жазылған қарсылығын қоса тіркейді.

14. Банкті тексеру бойынша тиісті түрде рәсімделген қорытынды есеп екі дана етіп жасалады, оның бір данасы Ұлттық банктің Банктік қадағалау департаментінде сақталады, екіншісі - банкке жіберіледі. Қорытынды есеп электрондық жазба (қорғалған) түрінде Ұлттық банкте сақталады.

15. Тексеру барысында банк немесе оның қызметкерлері (басшылары) тарапынан тәртіп бұзу фактілері анықталған жағдайда банк оларды жоюға және нәтижесін Ұлттық банкке хабарлауға тиіс.

16. Банктің тексеру жүргізуге, оның ішінде комиссия мүшелерінің (инспекторлардың) банк үйіне кіруіне кедергі жасау, талап еткен құжаттарды бермеу, банк қызметкерлерінің қызметтік міндеттері мен банкте атқаратын қызметіне қатысты қажетті мәліметтерді беруден бас тартуы банкке немесе оның басшыларына заңдарда көзделген санкцияларды немесе басқа да ықпал ету шараларын қолдануға негіз болып табылады.

17. Ұлттық Банк банк қызметіне белгілі бір мәселелер жөнінде тексеру жүргізген жағдайда қорытынды есеп жасамай-ақ тексеру актісі ресімделеді.

III. Қорытынды ережелер

18. Банк қызметінің негізгі бағыттары бойынша оны инспекциялаудың (тексерудің) нәтижелері банк басшыларын, ал қажет болған жағдайда басқа да лауазымды адамдарын қатыстыра отырып, Ұлттық банк Төрағасының банктік қадағалау департаментіне жетекшілік ететін орынбасары өткізетін кеңесте қаралады.

Қорытынды есепке инспекциялау (тексеру) жөнінде мәселені талқылау нәтижелері бойынша Ұлттық банк түзету енгізуі мүмкін.

19. Ұлттық банк банкке қолда бар, оның ішінде инспекциялау (тексеру)

барысында алынған мәліметтердің негізінде санкциялар яки ықпал етудің шектеу шараларын қолдануға құқылы.

Мұндай жағдайда Ұлттық банк белгілеген мерзімде оған анықталған тәртіп бұзушылықты жою жөнінде қабылданған шаралар туралы жазбаша есеп (ақпарат) беруге міндетті.

20. Инспекциялау жүргізген адам банктік немесе коммерциялық құпияны жария еткені үшін жауапты болады.

21. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер қолданылып жүрген заңда

белгіленген тәртіппен шешіледі.

Ұлттық банк
Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК